**«Жылыойсу»МКК-нің 2023 жылғы 21 маусымдағы №01-257 санды хатына сәйкес, Құлсары қаласын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жиналған отырыс хаттамасы**

**Құлсары қаласы** **№1** **21 маусым 2023 жыл**

**17.00 сағат**

**Төрағалық еткен:** Ә.Шәкіров – Жылыой аудан әкімінің орынбасары

**Қатысқандар:** Қ.Адинов - Құлсары қаласының әкімі

И.Лян- Құлсары қаласының әкімінің орынбасары

Е.Хайноллаев - Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы

А.Сатыбалдиев –Жылыойсу директоры

## КҮН ТӘРТІБІ:

1.Аудан әкімінің тапсырмасы негізінде Құлсары қаласын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су айдау станциясындағы су насостарын және құрал жабдықтарды бір көзден сатып алып орнтау мәселесі.

**Аудан әкімінің орынбасары Ә.Шәкіров:**

Жаздың аптап ыстық күндері қала тұрғындары арасында су тұтыну мөлшері күнделікті нормадан тыс көбейгендіктен (талға су құю, құрылыс т.б) су қысымы азайып, көпқатарлы тұрғын үйлердің жоғарғы қабаттарына және жеке сектордағы тұрғын үйлерге ауыз су жетпей, тұрғындардың наразылығы туындайтыны өздеріңізге белгілі. Сондықтан, Сіздерден мәселені шешу мақсатында қолға алынатын шаралар жөнінде ұсыныс беруді сұраймын.

**«Жылыойсу» МКК-ның директоры А.Сатыбалдиев:**

Құлсары қаласының тұрғындарына, ауыз су айдау станциясынан (ВНС) беріліп отырған судың қысымы күннің қатты ыстық мезгілдерінде, әсіресе су көп пайдаланатын кешкі уақыттарда азайып кетіп отыр, оған бірден бір себеп ВНС-тағы 2014 жылы қондырылған насостардың тозығы жетуі, соның әсерінен насостардың су айдау қабілеттілігі нашарлап отыр. Осыған орай, тәулік бойына үздіксіз, жоғары қысымды сумен қамтамасыз ету үшін су айдау станциясына( ВНС) жаңадан шұғыл түрде су насостар алу қажет.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша отырыс **ШЕШІМ ЕТТІ:**

**«Жылыойсу» МКК-ның директоры А.Сатыбалдиевке:**

Жаз мезгілінде көпқатарлы тұрғын үйлердің жоғарғы қабаттарына және жеке сектордағы тұрғын үйлерге су қысымын көбейту үшін керекті су насостарымен керекті құрал жабдықтарының санын шығарып, Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне ұсыну.

**Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Е.Хайноллаевқа:**

«Жылыойсу» МКК-нан ұсыныс түскен соң, керекті қаражат көлемін анықтап, су айдау станциясындағы ауыстыруды қажет ететін су насостарымен құрал жабдықтарды мемлекеттік сатып алу конкурсының **39 бап** (*Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері)* **3 тармақ** (*Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады),* **4-і тармақшасына сәйкес***(төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу)* бір көзден тәсілімен өткізу.

**Отырыс төрағасы** **Ә.Шәкіров**

**Отырыс хатшысы** **А.Саматов**